

Павлодар облысы Ертіс ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы.

Павлодар облыстық мәслихаты мен Павлодар облысы әкімиятының (III сайланған XXIV сессия) 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 29/24 шешімі мен қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 30 сәуірде N 3086 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11-бабының 2, 3) тармақшаларына, Ертіс ауданының мәслихаты мен әкімдігінің (III сайланған XXXIV сессиясы) 2006 жылғы 13 желтоқсандағы N 162-34-3/18, 161-34-3-19 бірлескен шешімдеріне, Қызылқақ ауылдық округінің және Сілеті ауылдық округінің Сладководск ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ертіс ауданының Қызылқақ ауылдық округі кейіннен есептік деректерден шығарылып, таратылсын және оның аумағы Ертіс ауданының Қызылқақ ауылдық округінің құрамына қосылсын.

Ертіс ауданының Сілеті ауылдық округінің Сладководск ауылы Сілеті ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң он күн өткен мерзімде күшіне енеді.

Сессия төрағасы Л. Белогривый

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров